

– сөздер мен терминдер нақты өз мағынасында пайдаланылуы;

– терминдер мен тұрақты оралымдардың бірегейлігін сақтау;

– бірнеше нұсқадағы терминдердің мүмкіндігінше терминологиялық комиссия тарапынан бекітілген немесе ресми тілде стандартталған, сондай-ақ жазба тілде қолданылу жиілігі жоғары нұсқасын пайдалану;

– өзі аударған мәтіндегі сөйлемдерді (абзацтарды) түпнұсқамен салыстыру;

– аударманың әрбір сөйлемінде, қолданылған терминологияның бірізділігін, мазмұндау логикасының түпнұсқаға сәйкестігін тексеру;

– мәтінді аударма тіліне жатпайтын ұғымдар мен тіркестерден арылту;

– мағыналық және стилистикалық түзетулер енгізу.

Тұжырымның нақтылығы мен дәлдігінің сақталмауын ҚР Кодексіндегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңның» 1б. 1т. 4т. көруге болады.

Орыс тіліндегі нұсқасы: «4. Международные договоры, ратифицированные Республикой Казахстан, имеют приоритет перед настоящим Кодексом и применяются непосредственно, кроме случаев, когда из международного договора следует, что для его применения требуется издание закона».

Қазақ тіліндегі нұсқасы: «4. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шартты қолдану үшін заң шығару қажет болатын реттерді қоспағанда, тікелей қолданылады».

Дұрысы реттер емес жағдайлар, бекіткен емес қабылдаған болуы керек. Өйткені халықаралық шарттарды бекітуден бұрын біз қабылдауымыз керек деп ойлаймын.

«ҚР қабылдаған халықаралық шарттар осы кодекс алдында басымдыққа ие және осы халықаралық шартта айтылғандай, оны қолдану үшін заң шығару қажет болатын жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады» – деп аударған дұрыс болатын шығар.

Заң тілін аудару сапасы аудармашының біліктілігі мен біліміне тәуелді болып қалған қазақ тіліндегі заң мәтіндерінде осындай нормалық қателіктер кездеседі. Заң тілінің мазмұнына қойылатын талапты орындау үшін сөздік технологияны жетік меңгеру қажет. Міне, сондықтан да, ол қазақ тілінде заң әзірлеу мәселесінде алғашқы орынға шығады. Тәуелсіздікке қол жеткен 20 жыл ішінде Ата Заңымыздан бастап, жүздеген төл заңдарымыз жазылып, қолданысқа енгізілді. Заңның тілмен бейнеленетіні, тіл арқылы азаматтардың еркі мен санасына ықпал ететінін ескере отырып, заң құжаттарының құқық қолданушыға ғана емес, кез келген азаматқа түсінікті болуы тиіс екендігін де ұмытпауымыз керек.

1. ҚР кодексі.
2. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы, 1995.
3. Ахмет Байтұрсынов. «Ақ жол». – Алматы, 1991.
4. Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы: жинақ. – Астана, 1998.
5. Терминология: теория және тәжірибе: жинақ. – Астана, 2001.

К.М. Есенманова

ТІЛДІ ОҚИТУ БАРЫСЫНДАҒЫ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ел тәуелсіздігін тіл тәуелсіздігімен астастыра қарап, туған тілдің тұғырын биіктету қамы қолға алынғалы да біраз уақыт болып қалды. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заң» сияқты стратегиялық маңызы бар құжаттардың дүниеге келуі осы бағытта жасалған оң қадамдар. Тіл – қарым-қатынас құралы. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, руха-

ни байлығын көрсететін айна. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Қазіргі таңда тіл мәдениетінің көкейтестілігі арта түсті. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында»: «Тілді дамыту – Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі»,

сондай-ақ «Мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек» делінген.

«Тіл – қоғамдық құбылыс» деген тезисті ұсынбағанмен, тілдің қоғам өмірімен байланыстылығы, қоғамдағы орны, ролі деген мәселелермен XIX ғ. В. Гумбольдт еңбектері кейініректе туған лингвистикалық мектептердің тілдің әлеуметтік сипатына ерекше мән берулеріне түрткі болды. Бұл мәселеге Н.Я. Марр да ерекше мән берді. Жалпы тілді халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихы мен мәдениетімен тығыз байланыста қарау В. Фон Гумбольдт, И. Гердер, Г. Пауль, В. Вундт, Г. Штейнталь, Э. Сепир, Б. Уорф, А. Потенба т.б. ғалымдардың есімдерімен байланыстырылады.

Қазақ зиялылары: А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Балақаев, К. Аханов, Т. Қордабаев, Ы. Маманов, Н. Уәлиев, Р. Сыздықова, А. Жапбаров, Ә. Болғанбаев, С. Исаев, А. Ысқақов, Р. Әміров, Қ. Жұбанов т.б. ғалымдардың еңбектерінде «тіл» ұғымының сан қырлы жағына тоқталады.

Тіл байлығы – сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиоластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы, образды жұмсай алмасаң, одан не пайда? Ал сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің парын, мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттың баю, толығу жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршеңдігін, бір сөзбен айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қадағалап отыру керек.

Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбарланбауын талап етеміз. Әрине, бөтен тілден сөз алмай, таза ана тілі материалының негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл деген болмайды. Көркем шығарманы, сондай-ақ, әдеби нормадан ешбір ауытқымай, бөтен тілдік элементтерді қоспай, сірестіріп, «таза әдеби» тілде де жаза беруге болмайды. Өйткені, көркемсөз шеберлері оқырмандарына өмірдің өзі көтерген саласын жан-жақты көрсету, олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын арттыру мақсатын көздейді. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани

дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалды. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» – деп ұлы Абай тегін айтпаған.

Белгілі ғалым Л.И. Ожегов: «Тіл мәдениеті – бұл өзінің ойын дұрыс, дәл және мәнерлі жеткізе алу білігі. Дұрыс сөз дегеніміз әдеби тіл нормасы сақталған сөз. Тілдің нормасы – бұл қоғамдық сөйлеу тілі тәжірибесінде қабылданған жалпы тілдік сөйлеу, грамматика, сөз қолдану ережесі. Ойын жеткізуде дәл әдіс таба білу ғана емес, сондай-ақ орынды сөйлеу» – деп тұжырымдайды.

Тіл мәдениеті ұғымына Қазақ Совет энциклопедиясында мынадай анықтама берілген: «Тіл мәдениеті – кісінің бойындағы мәдени қасиеттердің бірі, қоғамдық мәдениеттің бір компоненті. Тіл мәдениеті ауызекі тілдің орфоэпиялық нормасын, сөз қолдану, сөздерді тіркестіру заңдылықтарын, сөйлем құрау ерекшеліктерін дұрыс пайдалану және жазба тілде емлеге, тыныс белгілерін қолдануға байланысты ерекшеліктерді толық сақтап, сауатты жазу мәселелері» деп қарастырады.

Осы орайда студенттердің тіл байлығын дамытуда мультимедиялық технологияларды пайдаланудың маңызы ерекше.

Мультимедия – бұл:

- Типі әр түрлі ақпаратты өңдеу мен ұсыну технологиялары негізінде әзірленген ақпараттық ресурстар;

- Ақпаратты өңдеу мен ұсынуға байланысты жұмыс істеу типі әр түрлі компьютерлік бағдарламалық жасақтамалар;

- Типі әр түрлі ақпараттар көмегімен жұмыс істеуге мүмкін болатын компьютерлік ақпараттық жасақтамалар;

- Типі әр түрлі ақпаратты өңдеу құралдарын дайындау, жұмыс істеу және қолдану ретін сипаттайтын технологиялар;

- Типі әр түрлі дәстүрлі статистикалық көрінерлік ақпаратты да (сөз, әуен, бейне үзінділер, анимация және т.б.) өзіне қамтитын ақпараттың ерекше қорытынды түрі.

Мультимедия өнімдері ақпараттың сан алуан түрін: компьютерлік мәліметтерді, теле және бейне ақпаратты, сөз бен әуенді қолданады. Ақпаратты тіркеу мен жаңғыртуда компьютермен басқарылатын теледидардың, магнитофонның, HiFi – аудиожүйенің, жинақ дискілер (CD) ойнатқышының әр алуан түрлі техникалық құралдарын пайдалануға болады.

Мультимедия құралдары өзінің табиғаты бойынша белсенді (интерактивті), яғни мультимедия өнімдерінің көрермені мен тыңдаушысы

ешқашанда енжар болып қалмайды. Мультимедия оқытудың сапасын арттырады және үйренушінің назарын аударуға мүмкіндік туғызады.

Егер де бұрынғы кезде сабақтарда ақ-қара түсті фильм пайдалану армандаудың шегі болса, қазіргі заманғы техникалық құралдар компьютерлік анимация немесе тіпті ойын түріндегі айтарлықтай ауқымды, мазмұнды оқу құралдарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы техникалық құралдар компьютерлік имитация түріндегі ойын-сауықтарды және физикалық бақылауға мүмкін емес құбылыстарды, мысалы, жердің ішкі қабаттарында, машина ішіндегі механизмдерде, ғарышта болып жатқан құбылыстарды көрсетуге арналған оқу құралдарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Әрине қазіргі ақпаратты заманда, әрбір тұлға өзінің өміріне қажетті ақпараттарды іріктеуге, таңдауға үйренулері қажет. Ол үшін ақпараттарды белгілі бір жүйемен топтастырып алған дұрыс. Ақпаратты топтастырудың бірнеше өлшемдері бар. Қабылдау түрлері бойынша барлық ақпаратты үш топқа бөлуге болады:

- Мәтінді, графикалық кескіндер мен суреттерді, рәсімді, мультфильмдерді, бейнефильмдерді қамтитын **көру немесе көрініс ақпараты деп аталатын, адамның көруімен қабылданатын ақпарат.**

- Еркін ызындарды, әуендік жаңғыртуларды, сөзді қамтитын **дыбыстық ақпарат деп аталатын, адамның есту аппаратымен қабылданатын ақпарат.**

- Арнайы техникалық құралдар көмегімен жұмыс істеу кезінде адамның сенсорлық жүйе-

сімен қабылданатын **сенсорлық немесе тактильдік ақпарат.**

Осы аталған ақпараттың барлық түрін басқа өлшемдер бойынша да топтастыруға болады. Олардың бірі ақпаратты адамның қабылдау тәсілі болып саналады. Осыған байланысты білім алушыларға келетін ақпараттың барлығын топтастырылған және тура ақпарат деп бөлуге болады.

Топтастырылған ақпарат, бұрын меңгерілген ақпараттың ықпалымен адамда жаңа мәліметтер туындатты. Оқытудың мақсаты көзқарасы тұрғысынан, тура ақпарат нысаналарының маңызды қасиеттерін тікелей жеткізеді. Ақпараттың мұндай түріне рәсім (фотография), бейнефильм, т.б. жатады.

Мультимедия құралдарының айтарлықтай айрықша ерекшеліктерінің бірі тура ақпаратты ұсыну мен өңдеу мүмкіндігі болып саналады. Мысалы, мультимедия құралдарын пайдалану білім алушыға зерттелетін нысананы және онда болып жатқан үрдісті көруіне, мүмкін болатын дыбысты естуіне мүмкіндік туғызады. Мультимедия құралдарының болуы және оларды барлық жалпы білім беретін орта мектептерге, жоғары мектептерге ендіру лайықты бағдарламалық құралдардың пайда болуына, олардың мазмұнының толығына, оқытудың жаңа әдістерін және педагогтардың кәсіби қызметін ақпараттандыру технологияларын дайындауға мүмкіндік береді.

1-кестеде мультимедия ресурстарындағы ақпарат түрлерінің салыстырмалы сипаты көрсетілген.

1-кесте

Оқулықтар мен әдебиеттердегі ақпараттың түрлері	Мультимедия ресурстарындағы ақпараттың түрлері
Мәтіндік ақпарат	1. Мәтіндік ақпаратты, графикалық кескіндер мен суреттерді, рәсімді, мультфильмдерді, бейнефильмдерді қамтитын көру немесе көрініс ақпараты
Сандық ақпарат	
Графикалық ақпарат	
Кестелік ақпарат	2. Арнайы техникалық құралдар көмегімен жұмыс істеу кезінде адамның сенсорлық жүйесімен қабылданатын сенсорлық немесе тактильдік ақпарат
Бейне-ақпарат	
Диаграммалық-ақпарат	3. Еркін ызындарды, әуендік жаңғыртуларды, сөзді қамтитын дыбыстық ақпарат
Рәсім-ақпарат	

Бұл кестеден мультимедия ресурстарының ақпараты оқулықтар мен әдебиеттердегі ақпараттың түрлерінен әлдеқайда бай екендігі айқын көрініс тауып отыр. Мультимедияның тағы бір ерекше артықшылығы оның анимациялылығы болып саналады. Демек, мультимедияның оқу үрдісіндегі орны ерекше деп айтуға болады. Мәселен, бейнефильмдерді сақтауға, өңдеуге

және жаңғыртуға мүмкіндік тудыратын мультимедия құралдарының пайда болуы және жалпы орта білім беру мен жоғары мектеп жүйесіне енуі мектеп оқушыларына, студенттерге көрсетілетін бейнефильмдердің үзінділері бар, оқытуға пайдаланылатын компьютерлік бағдарламаларды дайындауға қол жеткізді. Мультимедияның жоғарыдағы жүйесі мен оқулықтар және әдебиет-

тердің нысаналары өзара салыстырылатын болса, өзіндік ерекшеліктерді анық байқауға болады. Оны 2-кестеден көреміз. Салыстыру, мультимедияның білім берудегі мүмкіндіктері аса ауқымды және тиімді екендігі жоғарыдағы анықтамалардан және ілгерідегі баяндалатын мультимедия ресурстары мен құралдары туралы мағлұматтардан бірден байқауға болады.

тындағанда, ал үшіншісі бейнені қарағанды қаласа, кейбіреулері тындау және көру арқылы қабылдайды.

Оқырман ауызша баяндау кезінде бір минута ақпараттың бір мың шартты бірлігін, ал көру мүшелерін «іске қосқанда» осындай 100 мың бірлікті қабылдауға және қайта өңдеуге қабілетті екендігі тәжірибе жүзінде анықталған.

2-кесте

Оқу әдебиеттері – бұл:	Мультимедия – бұл:
Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар (білім беру объектілері)	Ақпараттық ресурстар (білім беру нысаналары)
Көрнекілік құралдар	Көрнекіліктер
Құралдар	Аппараттық жасақтамалар. Бағдарламалық жасақтамалар
Педагогикалық технология	Ақпараттық технология
Мәліметтер базасы	Ақпараттың ерекше қорытынды түрі

Осы аталған мультимедия жүйесінің құрамы туралы мәліметтердің ең негізгісі оқулықтар мен әдебиеттерді әзірлеудің теориялық негіздерінің құрамымен салыстырылады және белгілі бір қорытынды пайымдаулар жасауға көмектеседі. Сонымен кең мағынада «мультимедия» ұғымы (бір мезгілде оқырман да, тындаушы да, көрермен де бола алатын) пайдаланушыға аса тиімді ықпал

Мультимедия құралдары мен технологиялары көмегімен аудиокөріністік ақпаратты өңдеудің қазіргі заманғы тәсілдерін қолдану арқылы білім алушылардың үйрену құлшынысын арттыру мен оқыту қарқындылығын күшейту мүмкіндігін қамтамасыз етуге болатындығын 3-кестеден көруге болады:

3-кесте

Ақпаратты өңдеу тәсілдері	Өңдеу тәсілдері мен іске асырылатын әрекеттер
Имитация	көрінерлік ақпаратты беттестіру, жылжыту
Контоминация	әр түрлі көрінерлік ақпараттарды араластыру
Анимация	нысаналарды (динамикалық) қозғалысқа келтіру
Ақпаратты өзгерту	көрінерлік ақпараттың белгілі бір сызықтық параметрін үлкейту немесе кішірейту, кескінді созу немесе сығу
Ақпаратты дискретті түрде беру	аудиокөріністік ақпаратты үзіп-үзіп көрсету
Тонирлеу (тұмшалау)	кескіндерді ерекшелеп көрсету
ақпараттың қажетті бөлігін таңдау	жылжыту немесе «лупамен» қарап шығу үшін көрінерлік ақпараттың таңдалған бөлігін тіркеу
Аудио-ақпаратты көптерезелік көрсету	экранның кез келген бөлігін белсенді ету арқылы бір экранда аудио-ақпаратты көптерезелік көрсету (мысалы, бір «терезеде» бейнефильмді, ал екіншісінде мәтінді көрсету)
Демонстрация	шынайы өгіп жатқан үрдістерді, уақиғаларды нақты уақытта көрсету (бейнефильм)

ету мақсатымен әртүрлі бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын ақпараттық технологиялар құрамын білдіреді.

Әркімнің ақпаратты қабылдауы әртүрлі: кейбіреулер тікелей оқығанда, енді бірі тікелей

Мультимедия технологиялары ақпараттың көптеген түрін мағыналы және үйлесімді түрде кіріктіруге мүмкіндік туғызады. Бұл компьютер көмегімен ақпаратты мынадай әр түрлі формада ұсынуға мүмкіндік туғызады:

- Сканерленген бейне суреттерді, сызбаларды, карталар мен слайдтарды қамтитын кескіндер;
- Дауыстың дыбыстық жазбалары, дыбыстық әсерлер мен әуен;
- Бейне, күрделі әсерлі бейне;
- Анимация мен анимациялық имитация.

Мультимедияны оқу үдерісінде пайдалану студенттердің оқу материалдарымен өздерінше жұмыс істеулеріне мүмкіндік туғызады, яғни студент материалдарды қалай меңгеру, ақпараттандыру құралдарының интерактивті мүмкіндіктерін қалай қолдану және жұмыс істеуді қалай іске асыру керектігін өзі шешеді. Сонымен, студенттер білім алу үрдісінің белсенді қатысушылары болады.

Студенттер мультимедия құралдарымен жұмыс істей отырып, оны өзінің жеке қабілеті мен

қалауына қарай бейімдей отырып, өзінің жеке оқу үдерісіне ықпал ете алатынын оқытушы есте ұстауы керек. Олар өздері мүдделі материалды игереді, оқып-үйрену қанша керек болса, сонша рет қайталайды, бұл жағдай материалды дұрыс қабылдауға мүмкіндік туғызады.

1. *Осипова Н.В.* Глобальное образование и иностранный язык как учебный предмет» «Иностранные языки в школе». – №2. 2007.

2. *Сафонова В.В.* Культуроведение в системе современного языкового образования / Иностранные языки в школе. – 2001. – №3.

3. *Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б.* Жоғары мектептің оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды қолдану (оқу-әдістемелік құрал). – Алматы, 2009. 126 бет.